

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 3 шілдедегі N 159 қаулысымен бекітілген Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 14 ақпандағы N 34 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 18 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1469. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 78 Қаулысымен.

Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2010.09.27 № 78 (4-тармақты қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының банк жүйесіндегі ақша қозғалысына жан-жақты талдау жасау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 3 шілдедегі N 159 қаулысымен бекітілген Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру ережесіне V990906_ өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 3 шілдедегі N 159 қаулысымен бекітілген Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру ережесіне өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына, екінші деңгейдегі банктерге және "Казпочта" ашық акционерлік қоғамына жіберсін.

3. Ақпарат технологиясы департаменті (Денисов Ю.Л.) тиісті бағдарламалық қамтамасыз етуді пысықтасын және оны 2001 жылдың 12 наурызында өндірістік пайдалануға енгізуді қамтамасыз ететін болсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 14 ақпандағы
N 34 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 3 шілдедегі N 159 қаулысымен бекітілген
Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын
бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру ережесіне
өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 3 шілдедегі N 159 қаулысымен бекітілген аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру ережесіне V990906_ мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1-тармақтағы: "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі филиалдарының" деген сөздер "екінші деңгейдегі банктердің және "Казпочтабанк" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - банктер)" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банктер аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын бөлу бойынша есепті бөлімшеге келесі есеп беретін айдың 15-інен кешіктірмей электрондық

байланыс арналары бойынша электронды форматпен тапсырады (N 1 қосымша, N 2 қосымша және N 3 қосымша).".

3. 3-тармақтағы "Ұлттық Банктің филиалына" деген сөздер "бөлімшеге"

деген сөзбен ауыстырылсын.

4. 4, 5 және 6-тармақтар алынып тасталсын.

5. 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын бөлу бойынша есеп Қазақстан Республикасының төлем жүйесіне және облыстарына қатысты Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын төлем құжаттарын және төлемдерді жүзеге асыру тәсілдерін көрсетуге арналған."

6. 8-тармақ мынадай тармақшалармен толықтырылсын:

"Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын бөлу бойынша есеп мыналарды пайдалана отырып төлемдер мен ақша аударымдарының санын және сомасын көздеуі тиіс:

- 1) Вексельдер;
 - 2) Төлем ордерлері;
 - 3) Банктік есепшот ашпай аударым жасау;
 - 4) Ақша аударуға арналған өтініш;
 - 5) Халықаралық почта аударымдары;
 - 6) Аккредитивтер."
7. 9-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) төлем жүйесінің түрлері бойынша төлем айналымын бөлу: Ақша аударудың банкаралық жүйесі, Бөлшек төлем жүйесі, Ішкі банк жүйесі, бір-біріне ашқан корреспонденттік есепшоттар арқылы банктер арасында жүзеге асатын төлем".

8. Мынадай редакциядағы 9-1 және 9-2 тармақтармен толықтырылсын:

"9-1. Ішкі банктік ішкі аймақтық төлемдерге банк ішіндегі төлем бастамашыларының нұсқауларымен жүргізілген банктің (филиалдың, операция залын) ішкі облыстық төлемдері, сондай-ақ бір облыстың банк филиалдарының арасындағы, оған қоса бір облыстың банкі мен клиенті арасындағы төлемдер жатады.

9-2. Ішкі банктік аймақаралық төлемдерге ішкі банктік жүйе бойынша төлем бастамашыларының нұсқауларымен жүргізілген банктің облысаралық төлемдері, Қазақстан Республикасының облыстары арасындағы, оған қоса банк пен клиент арасындағы облысаралық төлемдер жатады."

9. 10-тармақ мынадай редакциядағы сөйлеммен толықтырылсын:

"10. Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын бөлу бойынша есеп жасау кезінде әр бағанда орындауға қабылданған құжаттарда көрсетілген саны және сомасы көрсетіледі. Бұл орайда шетел валютасымен орындауға қабылданған құжаттар банктің ақы төлеген кездегі бағамы бойынша теңгемен көрсетіледі."

10. 11-тармақтың:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын: "Есеп мәліметтерінде банк клиент және банк төлемі бойынша бөлек орындаған банктердің төлем жүйесінде жүргізген төлемдерінің саны және сомасы көрсетілуі тиіс."

үшінші бөлігіндегі "банкте ашылған" деген сөздер "банктік есепшот ашпай аударым жасауды қоса алғанда банкте ашылған" деген сөздермен ауыстырылсын

11. 13-тармақтағы:

"төлем құжаттарының транзакциялары мен сомасының жалпы мөлшері көрсетіледі" деген сөздер "төлем құжаттарының жалпы саны мен сомасы көрсетіледі" деп жазылсын.

12. Мынадай редакциядағы 15-1, 15-2, 15-3, 15-4, 15-5 және 15-6 тармақтармен толықтырылсын:

15-1. Вексельдер бойынша есеп жасаған кезде банкте есепке алынған вексельдердің жалпы саны және сомасы, сондай-ақ өтелген вексельдердің жалпы саны және сомасы көрсетіледі.

15-2. Төлем ордерлері бойынша есеп жасаған кезде орындалған төлем ордерлерінің жалпы саны және сомасы көрсетіледі.

15-3. Банктік есепшот ашпай аударым жасау бойынша есеп жасаған кезде қолма-қол ақша қабылдау үшін пайдаланылатын есепшот-хабарламалар мен басқа құжаттар, қолма-қол жарнаға берілген түбіртектер, хабарландырулар негізінде банк (филиал) жасаған төлем құжаттарының жалпы саны және сомасы көрсетіледі.

15-4. Ақша аударуға арналған өтініштер бойынша есеп жасау кезінде банк қабылдаған және орындаған ақша аударуға арналған өтініштердің жалпы саны және сомасы көрсетіледі.

15-5. Халықаралық почта аударымдары бойынша есеп жасаған кезде "Western union", "Money gram" жүйелері және басқа да осындай жүйелер бойынша жүзеге асырылған халықаралық аударымдардың жалпы саны және сомасы көрсетіледі.

15-6. Аккредитивтер бойынша есеп жасау кезінде эмитент банктер ашқан

аккредитивтердің жалпы сомасы және сомасы көрсетіледі."

13. Осы өзгерістер мен толықтыруларға қоса берілген N 1 қосымша жаңа редакцияда жазылсын (N 1 қосымша).

14. Осы өзгерістер мен толықтыруларға қоса берілген редакция N 2 қосымша болып толықтырылсын.

15. Осы өзгерістер мен толықтыруларға қоса берілген редакция N 3 қосымша болып толықтырылсын.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 14 ақпандағы
N 34 қаулысымен бекітілген
Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын
бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру
ережесіне өзгерістер мен толықтыруларға
N 1 қосымша

Банктің МФО коды _____

Банктің атауы _____

Төлем тәсілі бойынша төлем айналымын бөлу жөнінде есеп
(мың теңге)

N !	Облыстардың атауы	!		Төлем тапсырмасы	!				
_____	!	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____

1 !	2	!	3	!	4				
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____

			К		С				
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____

1 Банк бойынша барлығы:

2 Ақтөбе

3 Ақмола

- 4 Алматы
- 7 Жамбыл
- 8 Қарағанды
- 9 Қызылорда
- 10 Қостанай
- 11 Маңғыстау
- 12 Павлодар
- 13 Солтүстік Қазақстан
- 14 Батыс Қазақстан
- 15 Оңтүстік Қазақстан

таблицаның жалғасы:

Төлем талап-тапсырмасы	!	Чектер	!	Банктік есеп.	!	Шотты
тікелей						
Орындалғаны	!	N 2-ші	!	Қолма-қол	!	Тауар және
!		!		!		!
!		!		!		!
!		!		!		!
!		!		!		!
!		!		!		!
!		!		!		!
!		!		!		!
!		!		!		!
!		!		!		!
!		!		!		!

5	!	6	!	7	!	8	!	9	!	10	!	11	!	12	!	13	!	14
!		!		!		!		!		!		!		!		!		!

К	С	К	С	К	С	К	С	К	С
!		!		!		!		!	

таблицаның жалғасы:

Төлем карточкалары!	Инкассалық нұсқаулар	!	Төлем ордері
!	!	!	!

! Төленгені ! N 2-ші !

! картотекадағы !

! ! !

15 ! 16 ! 17 ! 18 ! 19 ! 20 ! 21 ! 22

! ! ! ! ! ! ! !

К С К С К С К С

! ! ! ! ! ! ! !

таблицаның жалғасы:

Вексельдер !Банктік !Ақша ау. !Халық. !Аккредит. ! Жиынтығы

!есепшот !даруға !аралық !тивтер !

Есепке алынғаны ! Өтелгені !ашпай ! арналған !почта ! !

! !аударым !өтініш !аударым.! !

! !жасау ! !дары ! !

! ! ! ! ! ! !

! ! ! ! ! ! ! !

23 ! 24 ! 25 ! 26 ! 27 ! 28 ! 29 ! 30 ! 31 ! 32 ! 33 ! 34 ! 35 ! 36

! ! ! ! ! ! ! !

К С К С К С К С К С К С К С

Банктің басшысы _____ (аты-жөні)

Бас бухгалтер _____ (аты-жөні)

Орындаушы _____ (аты-жөні) тел. _____

N 1 қосымшаны толтыру тәртібі

Екінші деңгейдегі банктер мен "Қазпочта" ААҚ төлем тәсілімен төлем айналымын бөлу жөніндегі есепті (N 1 қосымша) былайша жасауы қажет:

1. Төлем құжаттары мен төлем жасау тәсілдері бағаны Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) облыстарына қатысты толтырылады, сонымен қатар банктің, оның филиалдарының және олардың клиенттерінің төлемдері облыстардың тиісті бағандарында көрсетіледі.

2. С, С - саны және сомасы.

"Төлем тапсырмасы"

Форматтың 3, 4-бағандарында төлем бастамашыларынан банк қабылдаған төлем тапсырмаларының жалпы саны мен сомасы және төлем бастамашысы банк болып табылатын төлем тапсырмалары көрсетіледі.

"Төлем талап-тапсырмасы"

Форматтың 5, 6-бағандарында ақша жіберуші банк орындаған төлем талап-тапсырмаларының жалпы саны мен сомасы, оның ішінде банкке ұсынылған, орындалған төлем талап-тапсырмалары көрсетіледі. Банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі есепшотына ұсынған төлем талап-тапсырмасы бұған кірмейді.

Форматтың 7, 8-бағандарында N 2 (клиенттің) картотекасындағы төлем талап-тапсырмаларының жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Чектер"

Форматтың 9, 10-бағандарында чек беруші банк қабылдаған қолма-қол ақшаны алуға арналған чектің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

Сонымен қатар шетел валютасына эмиссияланған, банк төлеуге қабылдаған жол чектері банктің осы чектерге төлем жасаған күнгі бағамы бойынша теңгемен көрсетілуі қажет.

Форматтың 11, 12-бағандарында чек беруші банктің чек ұстаушыға тауарлар және көрсетілген қызметтер үшін төлеген чектерінің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Банктік есепшоттарды тікелей дебеттеу"

Форматтың 13, 14-бағандарында банктің тікелей дебеттеу әдісімен есеп айырысуды жүзеге асыру шартына сәйкес жасаған төлемдердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Төлем карточкалары"

Форматтың 15, 16-бағандарында төлем карточкалары жүйесінде (қолма-қол ақшаны алу бойынша төлем және тауарлар мен көрсетілетін қызметке ақы төлеу бойынша төлемдер) жүзеге асырылатын трансакциялардың жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Инкассалық нұсқаулар"

Форматтың 17, 18-бағандарында жіберуші банк төлеген ақшаға инкассалық нұсқаудың жалпы саны мен сомасы көрсетіледі. Банкке ұсынылған, орындалған инкассалық нұсқау да осыған кіреді. Банктің Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкіндегі есепшотына ұсынылған инкассалық нұсқаулар бұған кірмейді . Инкассалық нұсқауларды ішінара орындаған кезде "Төленген" бағанында банк инкассалық нұсқаулардың нақты төленген сомасының төлем құжаттарының санын көрсетеді.

Сонымен қатар инкассалық нұсқаулардың саны мен қалған сомасы толық төленгенге дейін "N 2 картотека" бағанында көрсетіледі.

Форматтың 19, 20-бағандарында N 2 (клиенттің) картотекасындағы инкассалық нұсқаудың жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Төлем ордерлері"

Форматтың 21, 22-бағандарында банк клиенттерінен қабылданған және төлем бастамашысы банк болып табылатын төлем ордерлерінің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі. Банк өздігінен әзірлеген құжаттар не Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген, банк пен клиент арасындағы операциялар негізделіп жасалатын төлем құжаттарын осы бағанда көрсету керек.

"Вексельдер"

Форматтың 23, 24-бағандарында банк есепке алған вексельдердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі (есепке вексель ұсынушы адамға төленген сома).

Форматтың 25, 26-бағандарында өтелген вексельдердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Банктік есепшот ашпай аударым жасау"

Форматтың 27, 28-бағандарында түбіртектер, қолма-қол ақшамен жарна төлеу хабарландырулары, есепшот хабарламалары және қолма-қол ақшаны қабылдау үшін пайдаланылатын басқа да құжаттар негізінде банк жүзеге асырған төлем құжаттарының жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Ақша аударуға арналған өтініш"

Форматтың 29, 30-бағандарында банк қабылдаған және орындаған ақша аударымдарына берілген өтініштердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Халықаралық почта аударымдары"

Форматтың 31, 32-бағандарында "Western union", "Money gram" жүйелері

және басқа да осындай жүйелер бойынша жасалған халықаралық аударымдардың жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Аккредитивтер"

Форматтың 33, 34-бағандарында есепті кезең ішінде ашылған аккредитивтердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі. Бұл бағанды аккредитивке бұйрық берушінің өтінішіне сәйкес аккредитив ашушы эмитент банк толтырады.

"Жиынтығы"

Форматтың 35, 36-бағандарында төлем құжаттарының жалпы саны мен сомасы, төлем жасау тәсілдері көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 14 ақпандағы
N 34 қаулысымен бекітілген
Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын
бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру
ережесіне өзгерістер мен толықтыруларға
N 2 қосымша

Төлем жүйесіне қатысты төлем айналымын бөлу жөнінде есеп

(мың теңге)

N ! Облыстардың атауы ! Ішкі банктік жүйе бойынша

! _____ ! _____

! ! Ішкі аймақаралық ! Аймақаралық

! ! _____ ! _____

! ! Саны ! Сомасы ! Саны ! Сомасы

! _____ ! _____ ! _____ ! _____ ! _____

1 2 3 4 5 6

! _____ ! _____ ! _____ ! _____ ! _____

1 Банк бойынша барлығы:

2 Ақтөбе

3 Ақмола

4 Алматы

5 Атырау

6 Шығыс Қазақстан

7 Жамбыл

8 Қарағанды

9 Қызылорда

10 Қостанай

11 Маңғыстау

- 12 Павлодар
- 13 Солтүстік Қазақстан
- 14 Батыс Қазақстан
- 15 Оңтүстік Қазақстан

таблицаның жалғасы:

Банкаралық төлемдер		!		Жиынтығы		!	
Ішкі аймақаралық		!		Аймақаралық		!	
		!		есепшоттар		!	
		!		бойынша		!	
		!				!	
Саны	!	Сомасы	!	Саны	!	Сомасы	!
	!		!		!		!
7	8	9	10	11	12	13	14
	!		!		!		!

№ 2 қосымшаны толтыру тәртібі

Екінші деңгейдегі банктер мен "Казпочта" ААҚ төлем жүйелеріне қатысты төлем айналымын бөлу жөніндегі есепті (№ 2 қосымша) былайша жасауы қажет:

"Ішкі банктік жүйелер бойынша"

1. Ішкі аймақтық.

Форматтың 3-бағанында ішкі банктік жүйе бойынша банктің Қазақстан Республикасы облыстарының шегінде жіберген төлемдерінің жалпы саны көрсетіледі (мәтін бойынша бұдан әрі - облыстар).

Форматтың 4-бағанында ішкі банктік жүйе бойынша банктің облыстар шегінде жіберген төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі.

Аймақаралық.

Форматтың 5-бағанында ішкі банктік жүйе бойынша банктің облыстар арасында жіберген төлемдердің жалпы сомасы көрсетіледі.

Форматтың 6-бағанында ішкі банктік жүйе бойынша банктің облыстар арасында жіберген төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі.

"Банкаралық төлемдер"

1. Ішкі аймақтық.

Форматтың 7-бағанында банктің бөлшек төлемдер жүйесі (БТЖ), банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ) арқылы облыс ішінде жіберген төлемдерінің жалпы саны көрсетіледі.

Форматтың 8-бағанында банктің бөлшек төлемдер жүйесі (БТЖ), банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ) арқылы облыс ішінде жіберген төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі.

2. Аймақаралық.

Форматтың 9-бағанында банктің бөлшек төлемдер жүйесі (БТЖ), банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ) арқылы облыстар арасында жіберген төлемдерінің жалпы саны көрсетіледі.

Форматтың 10-бағанында банктің бөлшек төлемдер жүйесі (БТЖ), банкаралық ақша аудару жүйесі (БААЖ) арқылы облыстар арасында жіберген төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі.

3. Корреспонденттік есепшоттар бойынша.

Форматтың 11-бағанында банктің корреспонденттік есепшоттар бойынша

ұлттық валютамен және шетел валютасымен жіберген төлемдерінің жалпы саны көрсетіледі.

Форматтың 12-бағанында банктің корреспонденттік есепшоттар бойынша ұлттық валютамен және шетел валютасымен жіберген төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі.

"Жиынтығы"

Форматтың 13-бағанында банктің төлем жүйесі бойынша жүзеге асырған төлемдерінің жалпы саны көрсетіледі.

Форматтың 14-бағанында банктің төлем жүйесі бойынша жүзеге асырған төлемдерінің жалпы сомасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 14 ақпандағы
N 34 қаулысымен бекітілген
Аударымдық төлем тәсілімен төлем айналымын

бөлу жөнінде есеп жасау және есеп беру
ережесіне өзгерістер мен толықтыруларға
N 3 қосымша

Төлем бастамашыларына қатысты төлем айналымын бөлу жөнінде есеп

(мың теңге)

N ! Төлем бастамашылары ! Ішкі банктік жүйе ! Банкаралық ! Банк бойынша
! ! бойынша ! төлемдер ! барлығы

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

! Саны ! Сомасы ! Саны ! Сомасы ! Саны ! Сомасы

2 Банк

3 Клиент

4 Жиынтығы

N 3 қосымшаны толтыру тәртібі

Екінші деңгейдегі банктер мен "Казпочта" ААҚ төлем бастамашыларына қатысты төлем айналымын бөлу жөніндегі есепті (N 3 қосымша) былайша жасауы қажет:

"Банк"

"Ішкі банктік жүйе бойынша" форматындағы 3-бағанның 2-жолында бастамашысы банк болған және ішкі банктік жүйе бойынша жіберілген төлемдердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Банкаралық төлемдер" форматындағы 4-бағанның 2-жолында банк бастамашы болған және Банкаралық ақша аудару жүйесі (бұдан әрі - БААЖ),

бөлшек төлемдер жүйесі (бұдан әрі - БТЖ) және корреспонденттік есепшоттар бойынша жіберілген төлемдердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

Форматтың 4-бағанының 2-жолында бастамашысы банк болып ішкі банктік жүйе, БААЖ, БТЖ және корреспонденттік есепшоттар бойынша жүргізілген төлем құжаттарының жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Клиент"

"Ішкі банктік жүйе бойынша" форматының 3-бағанының 3-жолында төлем бастамашыларының нұсқауымен ішкі банктік жүйе бойынша банк жіберген төлемдердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

Форматтың 4-бағанының 4-жолында төлем бастамашыларының нұсқауымен БААЖ, БТЖ және корреспонденттік есепшоттар бойынша банк жіберген төлемдердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

Форматтың 4-бағанының 3-жолында төлем бастамашыларының нұсқауымен ішкі банктік жүйе, БААЖ, БТЖ және корреспонденттік есепшоттар бойынша банк жіберген төлемдердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Жиынтығы"

"Ішкі банктік жүйе бойынша" форматындағы 3-бағанның 4-жолында ішкі банктік жүйе бойынша банк жіберген төлемдердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

"Банкаралық төлемдер" форматындағы 4-бағанның 4-жолында БААЖ, БТЖ және корреспонденттік есепшоттар бойынша банк жіберген төлемдердің жалпы саны мен сомасы көрсетіледі.

Мамандар:

Икебаева Ә.Ж.

Жұманазарова А.Б.